



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
Парламентта

201__ ЖЫЛҒЫ “_____” _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис

«__» _____ 201__ года
№ _____

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі
А. Мұхамедиұлына**

2017 жылғы 15 наурызда
жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Арыстанбек Мұхамедиұлы!

Былтырғы жылы Рио-де-Жанейрода өткен XXXI жазғы Олимпиадада Қазақстанның даңқын асырған саңлақ спортшыларымыздың қатарында Паралимпиадада жеңімпаз атанған жүзгіш Зүлфия Ғабидуллина мен күміс медаль иеленген пауэрлифтингші Раушан Қойшыбаевада болғандығы мәлім. Өмірге өшпес құштарлық пен ерлікке пара-пар ерік-жігердің өнегесін көрсеткен олар барша қазақстандықтардың зор құрметі мен шынайы сүйіспеншілігіне бөленді.

Зүлфия Ғабидуллина мен Раушан Қойшыбаеваның қол жеткізген жетістіктері еліміздегі мүмкіндігі шектеулі адамдарды ерекше жігерлендіріп, олардың паралимпиялық спорт түрлерімен айналысуға деген ынтасын еселеп арттырғандығы анық. Алайда, паралимпиялық спортты дамытуда қолбайлау болып отырған өзекті мәселелер де аз емес.

1. Ұлттық паралимпиялық комитеттің мәліметінше, мүгедектердің спорттық клубтары әлі күнге 9 облыста және Алматы қаласында ғана құрылған. Олардың көпшілігінің меншікті ғимараты болмағандықтан, оны басқа мекемелерден жалға алып отыр. Өкінішке қарай, Астана қаласындағы мүгедектердің спорт клубы жуырда жабылып, оның ғимараты сатылып кеткен. Ал Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған спорт мектептері ғана жұмыс істейді. Қызылорда облысында «Паралимпиялық комитет» қоғамдық бірлестігі ғана құрылған.

Осы орайда тағдыр тауқыметіне ұшыраған ғаріп жандардың спорттық клубтарына жеке ғимарат тауып беріп, олардың толыққанды өмір сүруіне мүмкіндігінше жағдай туғызған Атырау және Маңғыстау облыстарының тәжірибесін өзге өңірлерге таратқан жөн. Бұл ретте, әсіресе Атырау қаласындағы «Мүгедектердің спорттық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында құрылған отырып ойнау волейбол командасы Қазақстан Республикасының намысын халықаралық жарыстарда абыроймен қорғап, жүлделі орындар еншілеп жүргендігін атап айтқан абзал.

2. Еліміздің барлық өңірлерінде З. Ғабидуллина мен Р. Қойшыбаеваның және Атырау қаласындағы отырып ойнау волейбол командасының мүшелерінің және басқа елеулі жетістіктерге жеткен мүгедек-спортшылардың жұртшылықпен кездесулерін ұйымдастыру қажет. Бұл паралимпиялық спортты кеңінен насихаттаумен қатар, өмірден өз орындарын таппай, жабырқап жүрген жастардың түңілушілік көңіл-күйден арылуына, сөйтіп, еліміздегі суицид санын кемітуге де оң әсерін тигізуі мүмкін.

3. Ұлттық паралимпиялық комитетке мүмкіндігі шектеулі адамдардың жаттығулары мен спорттық жарыстарын ұйымдастыру және мүгедектерге арналған құралдарды сатып алу үшін бөлінетін қаржы көлемін ұлғайту қажет.

Бұл ретте Ұлттық паралимпиялық комитет Халықаралық паралимпиялық комитетке қазақстандық мүгедек-спортшылардың паралимпиялық жарыстарға қатысуы жөнінде уақтылы өтінімдер бергенімен, қаржы жетіспеушілігіне байланысты оларды аталған жарыстарға жібере алмауы кейінгі кезде жиі ұшырасып отырғандығын айтпасқа болмайды. Мұның өзі еліміздің беделіне нұқсан келтіріп қана қоймай, Ұлттық паралимпиялық комитетке айыппұл салынуына әкеліп соқтырып жүр.

4. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық спорт нысандары мүгедектердің де сұраныстары ескеріле отырылып, бейімделуге тиісті. Алайда, бұл талап іс жүзінде жете қадағаланбайды.

5. Мүгедек балалардың тұрғылықты жерлері бойынша спортпен айналысулары үшін жұмыс істеп тұрған денешынықтыру-спорт мекемелерінің негізінде арнайы топтар құру керек.

6. Жарыстар және оларға дайындық кезінде паралимпиялық құрама командаларға медициналық қызмет көрсетуді жақсарту қажет. Атап айтқанда, спорттық дәрігерлер мен мамандандырушылардың (квалификаторлардың) біліктілігін арттыруға жете көңіл бөлінбей келеді. Себебі, «Спорттық медицина және оңалту орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынында паралимпияшылардың сыныбы мен біліктілігін анықтайтын спорттық мамандандырушылар жоқ болып шықты.

7. Денешынықтыру және спорт жөніндегі республикалық оқу-әдістемелік орталықта паралимпияшылардың шеберлігі мен олардың жаттықтырушыларының біліктілігін арттыруға бағытталған спорттық әдістемелер ескірген, оларды жаңарту қажет.

Жоғарыда айтылған жайлардың негізінде, Сізге елімізде паралимпиялық спорт түрлерін одан әрі дамыту жөнінде тиісті шаралар қолдануды ұсынамыз.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,
депутаттар, «Нұр Отан» партиясы
фракциясының мүшелері

К. Мұсырман
Б. Мамраев

Орындаған: А. Канафина
Тел.: 74-62-21